

Педагогикалық кеңес №5

Хаттама №5

26.05.2025 жыл

Тақырыбы: «Оқу жылының қорытындыларын талдау. Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру»

Қатысқандар:

Балабақша меңгерушісі : А.Джарылқасымова

Тәрбиешілер саны : 4 адам

Пән мұталімдері: 3

Барлығы: 8

Күн тәртібінде:

1. 2024-2025 оқу жылының қорытындылары /Әдіскер Д.Ирзабекова/
2. Балалардың жеке даму ерекшеліктері бойынша сараптама/Д.Ирзабекова/
3. Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспарын бекіту
4. Жаңа оқу жылына бағыт бағдарлау.

Тыңдалды

1 Бірінші мәселе бойынша балабақшаның әдіскері Д.Ирзабекова өз сөзінде 2024-2025 оқу жылындағы атқарылған жұмыстардың қорытындысы туралы баяндады. Бөбекжайдың жұмысы жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді. Оқу-тәрбие жұмыстары толық қамтылды. Балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасалды. Жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілді. Оқу-тәрбие жұмыстар Мемлекеттік стандарт негізінде жұмыс жүргізілді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізілді. Тіл дамыту, математика, шығармашылық, физикалық-қасиеттер, әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар бағыттары қамтылды, ашық ҮІӨ мен мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Балалардың білім, білік дағдылары жақсы қалыптасты.

Педагогтермен педагогикалық кеңестер өткізілді. Аудандық, облыстық деңгейде ұйымдастырылған семинарлар мен шеберлік сағаттарға педагогтар қатыстыру жұмыстары жүргізілді, тәрбиешілер тәжірибе алмасты, жаңа әдіс-тәсілдер қолданылды, жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетілді.

Жарыс сөз

1.2. Балабақша тәрбиешісі Н.Сайткалиева меңгеруші А.Джарылқасымованың айтқанымен толықтай келісетінін білдірді. Барлық педагогтер балалардың жас ерекшелігіне сай мектепке дейінгі үлгілік оқу бағдарламасына сай білік дағдылары дамытылады.

Тыңдалды

2. Балабақша әдіскері екінші мәселе бойынша Д.Ирзабекова балабақшамыздың 2024-2025 оқу жылында ұйымдастырылып өткізілген оқу тәрбие жұмыстары, балалардың білік дағдылары, салауатты өмір салтын қалыптасуы, заттық дамытушы ортаның қажеттілікпен қамтамасыз етілуі туралы қортындысын баяндады. Сонымен қатар, бала тәрбиесіне байланысты ата-аналармен атқарылған іс-шаралар толықтай баяндалды. 2024–2025 оқу жылы бойынша балабақша тәрбиеленушілерінің білім, білік және дағдыларының даму деңгейіне мониторинг жүргізілді. Мониторингтің мақсаты – балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дамуын анықтау, педагогикалық жұмыстың тиімділігін талдау және келесі оқу жылына міндеттер белгілеу.

Зерттеу барысында бақылау, әңгімелесу, ойын әрекеттері, шығармашылық тапсырмалар және күнделікті оқу қызметіндегі нәтижелер пайдаланылды. Жылдық мониторинг нәтижесі бойынша тәрбиеленушілердің даму көрсеткіштері жалпы алғанда жақсы деңгейде екендігі анықталды. Балалардың көпшілігі білім беру дағдылары бойынша күтілетін нәтижелерді меңгерген. Педагогтар тарапынан ұйымдастырылған жүйелі жұмыс балалардың жан-жақты дамуына оң әсерін тигізді.

Жарыс сөз

2.1. Қазақ тілі мұталімі өз сөзінде әдіскер Д.Ирзабекованың қорытынды баяндамасымен келісетін айтты. Барлық оқу тәрбие жұмыстары, іс-шаралар жоспарлы түрде өткізілді. Ата-аналардың педагогикалық мәдениеттері де жақсы деңгейге көтерілді.

Тыңдалды

2.2. Екінші мәселе бойынша балабақшаның педагог-психологы арнайы балалардың диагнозы, даму деңгейі туралы қортынды баяндамасын баяндады.

Жарыс сөз

2.2. Ата-ана Сарсенбаева Зияда өз сөзінде балабақшаның дефектологы, логопеді, педагог-психолгы балалармен жоспарлы уақтылы дамыту жұмыстарын жүргізді. Менің ұлым Құрал Санжар мінез-құлқында қиындықтары бар диагнозымен тіркелген болатын. Қазір балам жақсы жоғары көрсеткіш көрсетті. Қуанышымда шек жоқ келесі жылы балам осы бөбекжайға мектепалды даярлық тобына барады. Балабақша қызметкерлеріне алғысымды білдіремін деп алғыс айтты.

Тыңдалды

3. Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Д.Ирзабекова 2025 жылғы жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының перспективалық жоспарымен таныстырды. Сауықтыру-шынықтыру шараларының перспективалық жоспары балалардың денсаулығын нығайтуға, белсенді өмір салтын қалыптастыруға және қауіпсіз ортада жан-жақты дамуына мүмкіндік береді. Жоспар барлық педагогтердің бірлескен және жүйелі жұмысын талап етеді.

Тыңдалды

4. Төртінші мәселе бойынша балабақша директоры Д.Ирзабекова 2025-2026 оқу жылдың жаңа бағыттарымен таныстырды. 2025-2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйым жұмысының негізгі мақсаты – балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау, заманауи білім беру технологияларын енгізу және тәрбиелеу мен оқытудың сапасын арттыру.

1. Баланың эмоционалдық интеллектісін дамыту

- Балалардың өз эмоцияларын тануы және басқаруы;
- Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру;
- Сенімділік пен өзін еркін ұстауға тәрбиелеу;
- Психологиялық жайлы орта құру.

2. Ерте жастағы зерттеушілік және STEM элементтері

- Қарапайым тәжірибелер ұйымдастыру;
- Құрастыру және модельдеу ойындары;
- Логикалық ойлау қабілетін дамыту;
- Танымдық белсенділікті арттыру.

3. Сөйлеу мәдениеті мен тілдік құзыреттілікті дамыту

- Байланыстырып сөйлеуді жетілдіру;
- Көркем әдебиетке қызығушылық қалыптастыру;
- Мемлекеттік тілді меңгерту сапасын арттыру;
- Диалогтік қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

4. Денсаулық сақтау және қауіпсіз орта

- Сауықтыру-шынықтыру жұмыстарын күшейту
- Қозғалыс белсенділігін арттыру
- Қауіпсіз мінез құлық дағдыларын қалыптастыру
- Дұрыс тамақтану мәдениетін насихаттау
-

5. Ұлттық құндылықтар мен патриоттық тәрбие

Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын насихаттау;
Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдалану;
Отанға деген сүйіспеншілік пен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру;
Рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

6. Цифрлық және шығармашылық дағдыларды дамыту

7. **Ата-аналармен серіктестік жұмысты жетілдіру**
Отбасылық жобалар мен шығармашылық іс-шараларды ұйымдастыру;
Ата-аналарға педагогикалық және психологиялық қолдау көрсету;
Ашық есік күндерін жүйелі түрде өткізу;
Ата-аналардың білім беру-тәрбие процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

1. Әдіскер Д.Ирзабекованың қорытынды баяндамасы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Арнайы мамандардың 2024–2025 оқу жылындағы атқарған жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
3. Жазғы сауықтыру-шынықтыру іс-шаралары бекітілген жоспарға сәйкес сапалы әрі жүйелі түрде жүзеге асырылсын.
4. 2025–2026 оқу жылына айқындалған басым бағыттар балабақшаның оқу-тәрбие жұмысының негізгі бағыттары ретінде басшылыққа алынсын.

Scanned with
CamScanner

БЕКІТЕМІН:
«Аяжан» жекеменшік балабақша
директоры  **Джарылкасымова.А.**



Жаңа оқу жылына бағыт-бағдарлау

Әдіскер: Ирзабекова Д.

2024-2025жж

Мақсаты: Жаңа оқу жылында балалардың жан-жақты дамуына, сапалы білім мен тәрбие алуына қолайлы жағдай жасау, педагогтердің, ата-аналардың және тәрбиеленушілердің бірлескен жұмысын тиімді ұйымдастыру.

Негізгі бағыттар:

1. Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту

- Сауықтыру-шынықтыру жұмыстарын жүйелі жүргізу.
- Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру.
- Дұрыс күн тәртібі мен қауіпсіздік ережелерін сақтау.
- Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.

2. Балалардың білім және даму деңгейін арттыру

- Балалардың жас ерекшеліктеріне сай оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру.
- Тілдік қарым-қатынасын, сөздік қорын дамыту.
- Танымдық белсенділігін арттыратын ойындар мен шығармашылық тапсырмаларды қолдану.
- Әр баланың жеке қабілеті мен қызығушылығын ескеру.

3. Әлеуметтік-эмоционалдық дамуды қолдау

- Балалардың өзара сыйластық, достық қарым-қатынасын қалыптастыру.
- Өз эмоцияларын дұрыс жеткізуге үйрету.
- Өздігінен әрекет ету және жауапкершілік дағдыларын дамыту.

4. Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту

- Ата-аналармен тұрақты байланыс орнату.
- Бала тәрбиесі мен дамуы бойынша кеңестер беру.
- Бірлескен іс-шаралар, жобалар және кездесулер ұйымдастыру.
- Отбасы мен балабақша арасындағы серіктестікті дамыту.

5. Педагогтердің кәсіби дамуы

- Заманауи әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие үдерісіне енгізу.
- Тәжірибе алмасу, семинарлар мен әдістемелік жұмыстарға қатысу.
- Баланың жеке тұлғалық дамуына бағытталған тиімді технологияларды қолдану.

Күтілетін нәтиже:

- Балалардың денсаулығы нығаяды.
- Білім, білік және дағдылары жетіледі.
- Өз ойын еркін жеткізетін, шығармашыл, белсенді тұлға қалыптасады.
- Ата-ана мен балабақша арасындағы байланыс нығаяды.
- Балалардың қауіпсіз әрі қолайлы дамуына жағдай жасалады.

Қорытынды: Жаңа оқу жылында басты міндет – әр баланың жеке ерекшелігін ескере отырып, оның толыққанды дамуына мүмкіндік беру. Педагог, ата-ана және бала арасындағы өзара ынтымақтастық арқылы сапалы тәрбие мен білім берудің нәтижесіне қол жеткізу көзделеді.

БЕКІТЕМІН:
«Аяжан» жекеменшік балабақша
директоры  **Джарылкасымова.А.**



**Балалардың жеке даму ерекшеліктері бойынша
сараптама**

Әдіскер: Ирзабекова Д.

2024-2025жж

Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу мен оқыту үдерісінде әр баланың жеке даму ерекшеліктерін зерттеу және талдау – педагогикалық жұмыстың маңызды бөлігі болып табылады. Балалардың қарым-қатынас дағдылары, танымдық белсенділігі, мінез-құлқы және білімді меңгеру деңгейі олардың тұлғалық қалыптасуына тікелей әсер етеді.

Осыған байланысты балабақшада 2025–2026 оқу жылы барысында балалардың жеке даму ерекшеліктеріне жан-жақты сараптама жүргізілді. Сараптама мақсаты – әр баланың даму деңгейін анықтау, білім беру үдерісін даралау және педагогикалық қолдауды тиімді ұйымдастыру.

Жалпы даму деңгейіне талдау

Жүргізілген бақылаулар мен диагностикалық жұмыстар нәтижесінде балалардың жалпы даму деңгейі бірнеше топқа бөлінді: жоғары, орта және төмен деңгей.

Жоғары деңгейдегі балалар оқу тапсырмаларын өз бетінше орындауға қабілетті, сөйлеу тілі жақсы дамыған, ойлау және есте сақтау қабілеті тұрақты. Олар топтық жұмыстарға белсенді қатысып, өз ойын еркін жеткізе алады.

Орта деңгейдегі балалар тапсырмаларды орындауда кейбір қиындықтарға тап болады, бірақ педагогтің көмегімен оларды орындай алады. Бұл топтағы балалардың танымдық белсенділігі қалыпты деңгейде, алайда тұрақты қолдауды қажет етеді.

Төмен деңгейдегі балаларға жеке назар аудару қажет. Олар көбіне тапсырмаларды орындауда киналады, сөйлеу және қарым-қатынас дағдылары әлсіз дамыған. Мұндай балалармен жеке түзету және дамыту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде.

Қарым-қатынас ерекшеліктері

Балалардың қарым-қатынас дағдылары олардың әлеуметтік дамуының маңызды көрсеткіші болып табылады. Сараптама нәтижесінде балалардың бір бөлігі құрдастарымен еркін қарым-қатынас жасай алатыны, топтық ойындарға белсенді қатысатыны анықталды.

Дегенмен кейбір балалар үлшактық танытып, өз ойын айтуда қиындық көреді. Мұндай балаларға сенімділікті арттыруға бағытталған ойындар, диалогтық жаттығулар және шағын топтық жұмыстар ұйымдастырылуда.

Педагогтер балалар арасында жағымды қарым-қатынас қалыптастыруға ерекше көңіл бөледі. «Дос болайық», «Бір-бірімізді тыңдаймыз», «Көмектесейік» сияқты тәрбие элементтері күнделікті оқу үдерісіне енгізілген.

Танымдық даму деңгейі

Балалардың танымдық қабілеттері – олардың ойлау, есте сақтау, зейін қою және қабылдау ерекшеліктерін көрсетеді. Сараптама нәтижесінде балалардың көпшілігі қарапайым тапсырмаларды орындауға қабілетті екені анықталды.

Балалар түстерді, пішіндерді, көлемдерді ажырата алады, қарапайым логикалық сұрақтарға жауап береді және сурет бойынша әңгіме құрастыра алады. Дегенмен кейбір балаларда зейіннің тұрақсыздығы байқалады, сондықтан олармен қосымша дамыту жұмыстары жүргізілуде.

Танымдық белсенділікті арттыру үшін дидактикалық ойындар, тәжірибелік жұмыстар, зерттеу элементтері және көрнекі құралдар кеңінен қолданылуда.

Мінез-құлық ерекшеліктері

Балалардың мінез-құлқы олардың эмоционалдық дамуы мен тәрбиесіне байланысты қалыптасады. Сараптама барысында балалардың көпшілігі тәртіп ережелерін сақтайтыны, ересектердің нұсқауларын орындайтыны байқалды.

Алайда кейбір балаларда импульсивтілік, тез ашулану немесе эмоциясын дұрыс басқармау жағдайлары кездеседі. Мұндай балалармен жеке психологиялық-педагогикалық жұмыстар жүргізіліп, эмоцияны басқару дағдыларын дамытуға бағытталған жаттығулар қолданылуда.

Ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында ойындар, тренинг элементтері және ынталандыру әдістері пайдаланылады.

Білім деңгейі және оқу жетістіктері

Балалардың білім деңгейі оқу бағдарламасына сәйкес кезең-кезеңімен бағаланды. Нәтижесінде балалардың негізгі білімдік дағдыларды меңгеру деңгейі орташа және жақсы деңгейде екені анықталды.

Балалар қарапайым математикалық түсініктерді игерген, сөйлеу және тіл дамыту тапсырмаларын орындай алады, қоршаған орта туралы бастапқы білімге ие. Сонымен қатар шығармашылық қабілеттері дамып келе жатқаны байқалды.

Жеке жұмыс және қолдау шаралары

Сараптама нәтижесіне сәйкес төмен және орта деңгейдегі балалармен жеке жұмыс жоспары құрылды. Бұл жұмыстарға мыналар кіреді:

- жеке түзету сабақтары;
- логопедиялық жаттығулар;
- дамыту ойындары;
- ата-аналармен кеңестер;
- психологиялық қолдау жұмыстары.

Ата-аналармен байланыс

Балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізілді. Ата-аналарға балалардың даму деңгейі туралы ақпарат беріліп, үй жағдайында дамытуға арналған кеңестер ұсынылды.

Қорытынды

Қорытындылай келе, балалардың жеке даму ерекшеліктеріне жүргізілген сараптама олардың жалпы даму деңгейінің қалыпты екенін көрсетті. Дегенмен әр баланың жеке ерекшелігіне сәйкес түзету және дамыту жұмыстарын жалғастыру қажет.

Алдағы уақытта балалардың танымдық, тілдік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын жетілдіру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіле береді. Бұл балалардың жан-жақты дамуына және мектепке дайындығын арттыруға мүмкіндік береді.

БЕКІТЕМІН:
«Аяжан» жекеменшік балабақша
директоры  **Джарылкасымова.А.**



2024–2025 оқу жылының қорытындылары

Әдіскер: Ирзабекова Д.

2024-2025жж

Мақсаты: Оқу жылында атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарына талдау жасау, қол жеткізген нәтижелерді бағалау және алдағы міндеттерді анықтау.

Қорытынды сараптама

2024–2025 оқу жылында балабақшадағы оқу-тәрбие жұмыстары бекітілген жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды. Негізгі бағыттар бойынша балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, олардың денсаулығын сақтау, жан-жақты дамыту, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және әлеуметтік дағдыларын жетілдіру жұмыстары жүргізілді.

Оқу жылы барысында балалардың танымдық белсенділігін арттыруға, тілдік қорын дамытуға, қоршаған ортамен таныстыруға, шығармашылық және дене шынықтыру бағыттарына ерекше көңіл бөлінді. Түрлі ойындар, дамытушы жаттығулар, шығармашылық жұмыстар, мерекелік іс-шаралар мен жобалар ұйымдастырылды.

Негізгі нәтижелер:

- Балалардың білім, білік және дағдылары жас ерекшеліктеріне сай қалыптасты.
- Сөйлеу мәдениеті, сөздік қоры және қарым-қатынас дағдылары дамыды.
- Шығармашылық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік берілді.
- Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары жүйелі жүргізіліп, балалардың қимыл белсенділігі артты.
- Балалардың өздігінен әрекет ету, бір-бірімен қарым-қатынас жасау дағдылары жетілді.
- Ата-аналармен бірлескен жұмыстар ұйымдастырылып, отбасы мен балабақша арасындағы байланыс нығайтылды.

Педагогикалық жұмыстардың қорытындысы:

Педагогтер оқу-тәрбие үдерісінде заманауи әдіс-тәсілдерді қолданып, балалардың жеке ерекшеліктерін ескеріп жұмыс жүргізді. Тәрбиешілер өз білімдерін жетілдіру мақсатында семинарларға, кеңестерге, тәжірибе алмасу шараларына қатысты.

Ата-аналармен жұмыс:

Ата-аналармен ынтымақтастық бағытында жиналыстар, кеңестер, сауалнамалар, бірлескен іс-шаралар өткізілді. Ата-аналардың бала тәрбиесіне қызығушылығы мен белсенділігі артты.

Кездескен мәселелер:

- Кейбір балалардың жеке даму ерекшеліктеріне байланысты қосымша қолдау қажет болды.
- Кейбір ата-аналардың іс-шараларға қатысу белсенділігін арттыру қажеттілігі байқалды.

Алдағы оқу жылына міндеттер:

- Балалардың тілдік және коммуникативтік қабілеттерін одан әрі дамыту.

- Денсаулық сақтау технологияларын жетілдіру.
- Ойын арқылы оқыту әдістерін кеңінен қолдану.
- Ата-аналармен серіктестік жұмыстарын жалғастыру.
- Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру.

Қорытынды:

2024–2025 оқу жылында жоспарланған оқу-тәрбие жұмыстары толық көлемде жүзеге асырылды. Балалардың дамуына қолайлы орта құрылып, олардың денсаулығын нығайту, білімін жетілдіру және тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру бағытында нәтижелі жұмыстар атқарылды. Жыл қорытындысы бойынша педагогтер, балалар және ата-аналар арасындағы өзара ынтымақтастық тиімді ұйымдастырылды.



БЕКІТЕМІН:

**«Аяжан» жекеменшік
балабақша директоры**

Джарылкасымова.А

26.05.2025 ж

**«Алақай, жайдарлы жаз келді»
жазғы-сауықтыру кезеңінің
перспективалық жоспары**

Мұнайлы- 2025ж

Өткізілетін шаралардың атаулары	Жұмыс мазмұны	Өткізу мерзімі
1-апта (30.05-04.06) «Бақытты балалық шақ»		
Әрқашан күн сөнбесін»	Балалар күні мерекесін ұйымдастыру: - балалар шығармашылығынан концерт; - асфальтқа сурет салу байқауы.	30.05
«Менің әлемім»	- «Менің жақындарым», «Менің үйдегі сырласым», «Менің бауырларым», «Менің отбасым» тақырыптарында балалармен серуенде әңгімелесу; - балалардың отбасында ата-анасымен, бауырларымен немесе жақындарымен бірге уақыт өткізгенде ойнайтын ойындары, спорттық жаттығулары, сайыстарының ішінен көпшілігіне таныс ойын түрін бірге ойнап көру және алған әсерлерімен бөлісу; - тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беру, ән тыңдату және қалауы бойынша балаға айтқызу.	01.06-02.06
Кәусар бұлақ	Балалардың көрген мультфильмдерінен алған әсерлерімен бөлісу, олардың қиялын, логикалық ойлауын, сөйлеу тілін дамыту мақсатында жетекші сұрақтар қою. Балалардың қалауы бойынша мультфильм кейіпкерлерінің образын таңдап, қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу, патомимика арқылы кейіпкерді табу ойынын ойнау.	03.06
«Мен елімнің Ұлапымын!» Рәміздер күні	Отан туралы елестерді жатқа айту челленджі. Балалар шығармашылығынан суреттер көрмесін ұйымдастыру. Таза ауада ұлттық ойындар сайысын өткізу.	04.06
2-апта (07.06-11.06) «Жас із кесушілер»		
Жас із кесушілер	Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу. Қимыл-қозғалыс ойындары «Өз түсінді табу», «Жасырынбақ», «Жалаушаны табу». «Із кесушілер деген кімдер?» жетекші сұрақтар қою арқылы балалармен әңгімелесу. Ертегіні немесе көркем шығарманы оқып беру (үзінді). «Із кесуші» мультфильмін көрсету	07.06
Аңдар мен аңшылар	Альбомдар көру: «Аңдар», «Құстар», «Гүлдер» «Табиғатты қорғау» белгілерін дайындау. Сурет салу: «Жайлаудағы төрт түлік», «Орман аңдары», «Менің сүйікті жануарым» және басқа тақырыптар (балалардың қалауын ескеру ұсынылады). Құм және сумен тәжірибе. Құрастыру «Аңдардың үйшігі». Қоршаған ортаны қорғау бойынша жаднама құрастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: «Аңды ізіне қарап таны», «Бақшадағы қояндар», «Қағып ал да ата»	08.06

	(доппен)	
Мейірімді достарым	Аңдар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру. Мысықтың өзіне күтім жасауын бақылау (жуыну). «Ерте, ерте, ертеде» тақырыпқа сәйкес аудио ертегілер тыңдату, тыңдалған ертегінің мазмұнын айтқызу. Сергіту сәтінде аңдар мен үй жануарларының қимыл-қозғалысын қайталауға құрылған жаттығулар жасау.	09.06
Саялы бақ	«Біздің өлкенің ағаштары», «Балабақша ауласында қандай ағаштар өседі?», «Ағаштарды өрттен қорға!» тақырыптарында балалармен әңгімелесу. Сурет, альбом, иллюстрацияларды қарау. Орманға, саябаққа немесе балабақшаның табиғат бұрышына саяхат. Шығармашылық жұмысқа пайдаланылатын табиғи материалдарды жинау. Ағаштарды бақылау, оларға күтім жасау. Ағаштар туралы әңгімелер, өлеңдер оқып беру, жұмбақтар шешу. Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жапырағы?», «Тыңда да таны», «Қай ағаштың жемісі?» Ағаштардың суретін салу.	10.06
Сыр сандық	Таныс ертегі қойылымдарын сахналау. «Ең үздік қойылым», ойдан шығарылған ертегі қойылымдары байқауын ұйымдастыру.	11.06
3-апта «Жаз да келді, көңілді (14.06-18.06)		
Сабын көпіршіктері күні	Балабақшада және үйде жеке бас тазалығын сақтау туралы әңгімелесу. Медициналық кабинетке саяхат. «Тамшылар». Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу. Көпіршіктерді дайындау. Су әлемі туралы жұмбақтар шешу, мультфильмдерден видеосюжеттер көрсету	14.06
Теңіздегі тіршілік	Су ханшайымымен саяхат. «Су патшалығы» суреттер байқауы (ата-аналармен бірге). «Өзен, көлдер» альбомын безендіру. Сумен ойындар	15.06
Сүйкімді кірпі	«Менің ағзамның қорғаушысы», «Пайдалы және зиянды» әңгімелесу. Көркем шығарма оқып беру. «Зиянды тағамдар» плакатын әзірлеу (ұжымдық жұмыс)	16.06
Табиғат аясында	Жыл мезгілдері Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарды пысықтау. Жапсыру «Күлімдейді күн маған»	17.06
«Күн, ауа, су» ойын сауығы	«Сылдырайды мөлдір су» денсаулыққа ауа мен судың пайдасы, судағы қауіпті жағдайлар туралы тақырыптық әңгімелесу. «Жуыну әні» https://bilimkids.kz/kk/videos/11	18.06
4-апта «Қауіпсіз жаз» (21.06-25.06)		
Бағдаршам күні	Көше қозғалысы ережелерін қайталау, «Қала көшесінде Дымбілместің бастан кешкен оқиғалары» ойыны. Жапсыру «Бағдаршам»	21.06
Пайдалы және зиянды өсімдіктер	«Ұлы өсімдіктер мен саңырауқұлақтар», «Дәрілік өсімдіктер», «Табиғаттағы қауіпсіздік» суреттерді қарап, әңгімелесу, мультфильмдер көрсету Жапсыру «Жеміс-жидектер патшалығы». «Саңырауқұлақтар әлемі», мүсіндеу	22.06

	(доппен)	
Мейірімді достарым	Аңдар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру. Мысықтың өзіне күтім жасауын бақылау (жуыну). «Ерте, ерте, ертеде» тақырыпқа сәйкес аудио ертегілер тыңдату, тыңдалған ертегінің мазмұнын айтқызу. Сергіту сәтінде аңдар мен үй жануарларының қимыл-қозғалысын қайталауға құрылған жаттығулар жасау.	09.06
Саялы бақ	«Біздің өлкенің ағаштары», «Балабақша ауласында қандай ағаштар өседі?», «Ағаштарды өрттен қорға!» тақырыптарында балалармен әңгімелесу. Сурет, альбом, иллюстрацияларды қарау. Орманға, саябаққа немесе балабақшаның табиғат бұрышына саяхат. Шығармашылық жұмысқа пайдаланылатын табиғи материалдарды жинау. Ағаштарды бақылау, оларға күтім жасау. Ағаштар туралы әңгімелер, өлеңдер оқып беру, жұмбақтар шешу. Дидатикалық ойын: «Қай ағаштың жапырағы?», «Тыңда да таны», «Қай ағаштың жемісі?» Ағаштардың суретін салу.	10.06
Сыр сандық	Таныс ертегі қойылымдарын сахналау. «Ең үздік қойылым», ойдан шығарылған ертегі қойылымдары байқауын ұйымдастыру.	11.06
3-апта «Жаз да келді, көңілді (14.06-18.06)»		
Сабын көпіршіктері күні	Балабақшада және үйде жеке бас тазалығын сақтау туралы әңгімелесу. Медициналық кабинетке саяхат. «Тамшылар». Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу. Көпіршіктерді дайындау. Су әлемі туралы жұмбақтар шешу, мультфильмдерден видеосюжеттер көрсету	14.06
Теніздегі тіршілік	Су ханшайымымен саяхат. «Су патшалығы» суреттер байқауы (ата-аналармен бірге). «Өзен, көлдер» альбомын безендіру. Сумен ойындар	15.06
Сүйкімді кірпі	«Менің ағзамның қорғаушысы», «Пайдалы және зиянды» әңгімелесу. Көркем шығарма оқып беру. «Зиянды тағамдар» плакатын әзірлеу (ұжымдық жұмыс)	16.06
Табиғат аясында	Жыл мезгілдері Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарды пысықтау. Жапсыру «Күлімдейді күн маған»	17.06
«Күн, ауа, су» ойын сауығы	«Сылдырайды мөлдір су» денсаулыққа ауа мен судың пайдасы, судағы қауіпті жағдайлар туралы тақырыптық әңгімелесу. «Жуыну әні» https://bilimkids.kz/kk/videos/11	18.06
4-апта «Қауіпсіз жаз» (21.06-25.06)		
Бағдаршам күні	Көше қозғалысы ережелерін қайталау, «Қала көшесінде Дымбілместің бастан кешкен оқиғалары» ойыны. Жапсыру «Бағдаршам»	21.06
Пайдалы және зиянды өсімдіктер	«Улы өсімдіктер мен саңырауқұлақтар», «Дәрілік өсімдіктер», «Табиғаттағы қауіпсіздік» суреттерді қарап, әңгімелесу, мультфильмдер көрсету Жапсыру «Жеміс-жидектер патшалығы». «Саңырауқұлақтар әлемі», мүсіндеу	22.06

Марғаудың үйшігі	«Өжет өрт сөндірушілер», «Құтқарушылар», сюжетті-рөлдік ойындары. Өрт кезіндегі тәртіп ережелері, «101 қызметі», өрт сөндірушілер қызметі туралы балалармен әңгімелесу.	23.06
«Қауіпті заттар мен құралдар»	Ойындар: «Өртке қауіпті заттар», «Өрт сөндірушіге не қажет?» «Өртке қауіпті заттар» коллажы «Болады-болмайды», дидактикалық ойын. «Мен бастаймын сен аяқта» дидактикалық ойын. Балалармен тақырыпқа байланысты кері байланыс жасау	24.06
Шебер қолдар	Театрландырылған қойылым атрибуттарының байқауы. Балалармен бірге қойылымдар қою (саусақ театры, өлеңкелі театр, қуыршақ театры)	25.06
1-апта (28.06-01.07) «Гүлденген табиғат»		
Табиғатты қорғайық	«Табиғатпен тілдесу», балалармен қоршаған ортаны қорғау туралы әңгімелесу. Суреттер байқауын ұйымдастыру. Ата-аналармен бірге «Гүлдестелі ханшайым» байқауын ұйымдастыру, номинациялар тағайындау, балалар шығармашылығын қолдау.	28.06
Су әлемінде	Бассейнде жүзу, суға шомылу, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау. Сумен шынығудың пайдасы туралы әңгімелесу. «Судың қасиеті», «Мөлдір-лай», «Ауа мен су» тәжірибесі, балалардың зерттеушілік қызығушылықтарына қолдау көрсету. Су бетінде сурет салу.	29.06
Ғажайыптар әлемі	Балалармен табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу (жаздағы маусымдық өзгерістер, балалардың киінуі, күн сәулесінің адамға, табиғатқа әсері, аспандағы бұлттар және басқа). Серуен кезінде балаларды табиғат көріністерін бақылауға үйрету және кері байланыс жасау. Табиғат туралы өлең оқып беру, жұмбақтар шешу. «Артық суретті тап» дидактикалық ойын	30.06
Менің достарым	Отбасындағы сүйіспеншілік, сыйластық, мейірімділік туралы әңгімелесу. Адамдар бір-бірін жақсы көретінін ұғындыру, дос болуға баулу. Көркем шығарма оқып беру. Сюжетті-рөлдік ойын «Тату-тәтті отбасы».	31.06
«Сүйікті қалам – Астана»	«Елімнің жүрегі – Астана» тақырыбында әңгімелесу. Тақырыпқа сәйкес ән тыңдату және бірге айту. «Бұл бақытты –мекен» асфальтқа сурет салу байқауы. «Менің сүйікті қалам» үздік ән байқауы.	01.07
2-апта (08.07-11.07) «Анам, әкем және мен – тату-тәтті отбасы»		
Менің сүйікті кейіпкерім	Сүйікті кейіпкерлер фестивалі. Балалар мен ата-аналардың бірлескен әрекеті, дәстүрден тыс техникамен сурет салу сайысы: жүнмен, жіппен, саусақпен, алақанмен сурет салу. Салған кейіпкері туралы әңгімелеу.	07.07
Мерейлі отбасы	«Әке көрген оқ жонар», зат қалдықтарынан әкелермен бірге	08.07

	бұйым жасау. Дайындалған бұйымдардан көрме ұйымдастыру. Ата-аналар мен балалардың бірлескен әрекеті, Абай Құнанбайұлының өлеңдерін жатқа айту челленджі.	
«Анам, әкем және мен – тату-тәтті отбасы»	«Әлди-әлди ақбөпем» челенджі, әжесінің бесік жыры. Отбасының қызықты демалыс сәттерінен суреттер көрмесін ұйымдастыру. Тақырыпқа сәйкес ән айту мен мәнерлеп оқу сайысы. Таза ауада ата-аналар мен балаларының қатысуымен «отбасылық эстафета» спорттық сайысын өткізу.	08.07
Ұлттық ойындар	Ұлттық ойындар фестивалі, қимыл-қозғалыс ойындары «Ханталапай», «Аударыспақ», «Сақина салу», «Алтыбақан», «Ақ серек-көк серек», «Арқан тарту», «Тақия тастамақ», «Күш сынаспақ».	11.07
3-апта «Жазғы сайыстар» (14.07-18.07)		
«Ұлы дала баласы»	«Жас спортшылар», балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін тренажерлардың көмегімен таза ауада жаттығу. «Бәйге», «Арқан тарту», «Көкпар» ұлттық ойындарымен «Ұлы дала баласы» спорттық сайысын ұйымдастыру.	14.07
Жүгіреміз, ыартаймыз	Денсаулық зор байлық», «Дені саудың тәні сау» тақырыптарында әңгімелесу, балаға өз денсаулығын қорғаудың маңыздылығын түсіндіру. Жауапкершілікке, тиянақтылыққа үйрету (тісін тазалау, жуыну, қолын жиі жуу, тазалықты сақтау және басқа) Көркем шығарма оқып беру (немесе үзінді оқу). Таза ауада ұлттық ойындарды ойнау: «Ақ серек, көк серек», «Орамал тастамақ» және т.б.	15.07
Спорттық ойындар күні	Балалардың сүйікті қимыл-қозғалыс ойындарын ойнату. Жаңа ойындарды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындарына атрибуттар әзірлеу. Санамақтар жаттау.	16.07
Менің көңілді добым	Балалармен әңгімелесу «Допты спорт түрлері». Доппен ойнау. Допты нысанаға лақтыру. Сурет салу, мүсіндеу «Менің көңілді добым».	17.07
«Олимпиада алауы»	Отбасылық жарыстар, эстафеталық жарыстар ұйымдастыру. «Спорттың жазғы түрлері», «Менің сүйікті спортым», «Отбасындағы спорт» тақырыптарында балалармен әңгімелесу. Спорт туралы жұмбақтар, сұрақтар қою. Санамақтар мен өлеңдер жаттау. Спорттық жаттығулар жасату, ойындар ойнату (бадминтон, футбол, волейбол). Құрсаумен және секіртпемен ойнайтын ойындар. Ұлттық ойындардан байқау өткізу: «Бес темше», «Көкпар», «Асық ойындары».	18.07
4-апта «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма» (21.07-25.07)		
Алтын балық	Алтын балықпен балықтар патшалығына саяхат жасау. «Балықтар әлемі», дәстүрлі емес сурет техникасымен салынған суреттер байқауы. Көркем шығарма оқып беру. Аквариумдағы балықтарды бақылау, жем беру. «Балық аулау»	21.07

	кимыл-қозғалыс ойынын ойнату.	
Ойланайық, балақай!	«Жайдары жаз», ермексазбен жұмыс. Жаз мезгілі туралы әңгімелесу арқылы балалардың түсінік-танымын кеңейту, алған білімдерін бекіту (кері байланыс). Табиғатты бақылау	22.07
Гүлдер күні	Гүлдер туралы әңгімелесу, жұмбақтар шешу. «Күлпырған әлем» шығармашылық шеберханасының жұмысын ұйымдастыру, балалардың қалауы бойынша жеке немесе топтасып, әртүрлі материалдардың көмегімен бұйымдар жасауларына ерік беру. Педагог бақылап, қажет болса көмек көрсетеді (аппликация, оригами, квиллинг, жапсыру және басқа әдістермен). Жұмыстар дайын болғанда көрме ұйымдастыру, бір-біріне және ата-аналарына сыйға тартуға ұсыныс беру. «Бағбан» сюжеттік-рөлдік ойыны, гүлзарларды, гүлбағын қопсыту, суару, тазалау.	23.07
Жәндіктер әлемі	Танымдық әңгіме. Серуен кезінде табиғаттағы жәндіктерді бақылау, балаларға жетекші сұрақтар қоя 22.07 26 отырып, көрген-білгенін сұрау. Балалармен әңгімелесу, улы жәндіктердің суреттерімен таныстыру, олардан қорғану туралы айту. Таза ауада ұлттық ойындарды ойнау: «Аударыспақ», «Соқыр теке», «Айгөлек», «Күш сынаспақ».	24.07
«Туған өлкем»	Баланың бойында туған жеріне, еліне деген мақтаныш, сүйіспеншілік сезімін ұялату. Ән тыңдатып, такпақ айтқызу. Балаларға туған өлке туралы естеліктерден үзінді айтып беру, бірге фотоальбомдар қарау, аталар мен әжелердің әңгімелерін тыңдау.	25.07
5-апта «Менің достарым» (28.07 -01.08)		
Әдептілік – әдемілік	«Жақындарыңды немен және қалай қуантуға болады?», «Кішкентай көмекшілер», «Менің жақсы істерім», әңгімелесу. «Әдепті бала», балалармен бірге қысқа диалогтарға құрылған көріністерді ойнату арқылы, оның бойында әдептілік қалыптастыру. Көркем шығарма оқып беру. Дидактикалық ойын «Досыма достық лебізім». Сюжетті-рөлдік ойын «Супермаркет», «Сән салоны»	28.07
Достық күні	Балада дос, достық туралы түсінік қалыптастыру. Достық қарым-қатынасты сипаттайтын қысқа диалогтік көріністерді бірге ойнай отырып, баланың санасында «достық» ұғымын нығайту. Достық туралы ән тыңдау, бірге айту. Жапсыру, «Досыма сыйлық».	29.07
Мейірімділік күні	Денсаулық, салауатты өмір салты, мейірімділік туралы әңгімелесу. «Ертегі кейіпкерлерінің жақсы істері» ертегі еліне саяхат, пікірталас	30.07
Түрлі-түсті кемпірқосақ күні	«Қала үстіндегі шар» ойын-сауығы :шарлармен ашық ойындар, шарларды бояу, ең көңілді шарға арналған конкурс, сайтта шарлардан түрлі-түсті кемпірқосақ жасау	31.07
Достық аллеясы	Табиғи материалдардан құрастыру, мүсіндеу. Ұлттық ойындарды ойнату: «Түйілген орамал», «Арқан тартыс»,	01.08

	«Білектесу», «Алтын сақа».	
1-апта «Ас атасы – нан» (04.08-08.08)		
Алтын дән	- Дәндер патшалығына саяхат: суреттер мен альбомдар қарау. - көркем шығарма оқып беру, тыңдалған мәтіннің мазмұнын айтқызу; - ыдыстағы дәндерді түрлеріне қарап ажыратып әр ыдысқа бөлу; бөлінген дәндерді санау; - табиғи материалдармен, ермексазбен жұмыс «Дәндер патшалығы»	04.08
Нан - дастархан байлығы	- «Нан - дастархан байлығы» әңгімелесу; шығарма оқып беру, тыңдалған шығарманың мазмұнын айтқызу; - нан қықымымен ауладағы құстарды қоректендіру және оларды сыртынан бақылау; - нанның суретін салу, ермексаздан мүсіндеу.	05.08
Нан болса ән де болады	- Нанды қолдан пісіруден анасы мен баласының, әжесі мен немересінің бірлескен әрекетінен алдын-ала дайындалған челлендж материалдарын қарау; - Наубайхана жұмысымен таныстыру; - «аспазшы» сюжетті рөлдік ойынын ойнату; - тақырыпқа сәйкес ата-аналармен бірге ән байқауын ұйымдастыру.	06.08
Егіс алқабында	- «Алқапта не өседі?» әңгімелесу, шығарма оқып беру; - Ауладағы өсімдіктер мен шөптерге күтім жасауда қарапайым тапсырмаларды орындату; - «Ғажайып дәндер» ұжымдық жұмыс: дайын суретті дәндермен безендіру	07.08
Жемістер мен көкөністер	- «Жемістер мен көкөністер» фестивалі; - Жұмбақтар мен тақпақтар сайысы; - Жапсыру «Менің дәмді достарым»; - «Кім күшті?» жемістер мен көкөністерді сумен жуып, жеуден сайыс ұйымдастыру.	08.08
2-апта «Мен және қоршаған орта» (11.08-15.08)		
Менің нәзік достарым	- Гүлдер, оларға қамқорлық жасау туралы әңгімелесу, шығарма оқып беру; - түрлі-түсті қағаздан гүлдер жасау (қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін квиллинг әдісін қолдану); - ұжымдық шығармашылық жұмыс: дайын және жасалған гүлдерді жолаққа орналастырып жапсыру, ауладағы өз тобының ойын алаңын безендіру; - «Гүлге оранған ханзада мен ханшайым» байқауын өткізу (ән айту, би билеу)	11.08
Менің адал достарым	- Ит, мысық, балықтар немесе үй жануарлары туралы шығарма оқып беру, оқылған шығарманы талдау (қосымша ресурс: https://bilimkids.kz/kk/videos/6); - шығармашылық шеберханасы: сурет салудың дәстүрден тыс түрі жүннен, мақтадан, түймелерден және т.б. өзінің достарының бейнесін қағазға жапсырып жасау; - сүйікті достарына арнап тілектерін айтқызу.	12.08
Саясында бау-бақтың...	- Қоршаған орта туралы сұрақ-жауап ұйымдастыру; - отбасылық биден әзірленген челлендж материалдарын қарау; - балаларды өздері таңдаған әуендеріне билету.	13.08
Хангалапай	- Ұлттық ойындар туралы шығарма, өлең оқып беру; - оқылған шығарманың мазмұнын әңгімелеу; - асықтарды дайын бояулармен бояу, безендіру; - ұлттық қимылды	14.08

	ойындардан сайыс ұйымдастыру.	
Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талан қыл!	- Мамандық түрлері олардың атқаратын қызметі туралы әңгімелесу; - түрлі мамандық туралы өлең оқып беру және оның мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; - мамандықтар туралы еркін тақырыпта сурет салу, мүсіндеу; - сюжетті-рөлдік ойындар ойнату: «Дәрігер», «Мейрамхана», «Ұшақта» және т.б.	15.08
3-апта «Өнер көзі халықта» (18.08-22.08)		
Қуыршақ театры	- Қуыршақ, көлеңкелі театр қойылымын тамашалау, көрген қойылымның желісі мен ондағы кейіпкерлер туралы әңгімелесу; - «Менің сүйікті достарым» ертегі кейіпкерлерінің костюмдерінің элементтерін қағаздан жасап, дайын кейіпкер бейнесіне жапсыру; - тақырыпқа сәйкес сюжетті-рөлдік ойын ойнату;	18.08
Сөз асылы шешендік	- «Әжелер мектебі» жұмысын жандандыру, алдын-ала әзірленген «Ерте, ерте, ертеде ...» әжемнің ертегісін тыңдайық челленджі бейнематериалдарын тамашалау; - «Ертегілер әлеміне саяхат» сүйікті ертегілерді айтқызу; - «Мен бастаймын, сен жалғастыр», дидактикалық ойын	19.08
Алуан-алуан кейіпкер бар	- «Менің сүйікті кейіпкерім», ермексаздан мүсіндеу, суретін салу; - өзі қолдан жасаған кейіпкерінің образына еніп оның даусымен дыбыстау, сөйлеуді дамыту; - ертегі тыңдату, ондағы кейіпкерлер туралы өз ойларын айтқызу.	20.08
Өнерді өрге жүзер	- Ата-аналармен бірлескен әрекетте алдын-ала үйде әзірленген ұлттық оюлардың көрмесін қарастыру және жасалған бұйымдар туралы әңгімелесу; - тақырыпқа сәйкес жұмбақтар шешкізу; - бұрыннан білетін әндерді айтқызу, билерді билету.	21.08
Ел іші – өнер кеніші»	- Педагогтар мен балалардың бірлескен театрландырылған қойылымдар байқауын ұйымдастыру; - театрландырылған қойылымдар қою үшін атрибуттарды орналастыру; - қойылым желісін ойластыру; - рөлдерді ортақ келісіммен бірге таңдау; - қойылымды қою.	22.08
4-апта «Ғажайыптар әлемінде» (25.08-29.08)		
«Балабақшам өз үйім»	- «Менің балабақшам», жазғы сауықтыру кезеңінде алған әсерлері туралы балалармен серуенде әңгімелесу; - тақырыпқа сәйкес асфальтқа ұжымдық сурет салуға жұмылдыру, салған суреттері бойынша өз ойларын айтқызу; - тәрбиеші, медбике, тәрбиеші көмекшісі, музыка жетекшісі, денешынықтыру жетекшісі, аспазшы және т.б. рөлдерінде бөлініп, рөлдерді өздігінен таңдап, ойнауға мүмкіндік беру	25.08
«Шеберлер мен өнертапқыштар қаласы»	Табиғи және қалдық материалдардан құрастыру. - «Ғылымның кішкентай ғажайыптары» тәжірибелік-эксперименттік қызметі. - Қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, сумен және құммен ойындар. - «Ғажайыпты өз қолымызбен жасаймыз» балалар жұмыстарының көрмесі. -	26.08

	«Көңілді өнертапқыштар» спорттық эстафетасы. - «Қауіпсіз және қауіпті заттар бізді қоршаған ортада» әңгімесі.	
Ғажайыптар ертегі орманы	- Экологиялық серуен-бақылау. - «Жаксы істер соқпағы» ойын-саяхаты. - Жануарлар мен табиғат туралы ертегілерді сахналау. - «Орман тұрғындары» қимылды ойындары. - «Орман ғажайыбы» шығармашылық қызметі (мүсіндеу, сурет салу). - «Табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлық» әңгімесі. - Табиғат құбылыстарын бақылау.	27.08
«Бір, екі, үш – күш жина!»	- Балалармен дене шынықтырудың пайдасы туралы әңгімелесу; - балалармен бірге өздеріне ұнайтын дене жаттығулары мен спорттық ойындарды таңдап, бірге ойнау; - серуен кезінде аулада қарапайым еңбекке баулу, бірге еңбек ету; - «Бәйге» ұлттық ойынын ойнау.	28.08
Менің Қазақстаным	- Балалармен Қазақстан Республикасы туралы, туған өлкенің көрікті жерлері мен табиғаты жайында әңгімелесу; - «Мен бастаймын, сен жалғастыр» ойыны негізінде өткізілген «Елім менің» тақырыбындағы ата-аналар мен балалар арасындағы өлең оқу байқауының бейнематериалдарын көрсету, үздік бейнероликтерді бірлесіп таңдау.	29.08